

## Ұлт аралық татулық

2018 жылдың сәуір айының 27 жұлдызында Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің Терешкова көшесіндегі ғимаратында орналасқан «Жаратылыстану» және «Филология және құқық» факультеттерінің жоспары бойынша Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы «Ұлттық бірегейлікті сақтау» бағдарламасын іске асыру мақсатында 1-мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай студенттер арасында Қазақстандағы халықтардың мәдениетін және салт-дәстүрін көрсетуге арналған «Ұлт аралық татулық» байқауы өткізілді. Сайысқа қатысқан командалардың байқауға мұқият дайындалғандығы мен тақырыпқа креативті жандасқанымен мұндалап тұрды. Сайысты тамашалаған ұстаздар мен студенттер командалардың өнеріне дән риза болды.

Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» концепциясы аясында өткен «Ұлт аралық татулық» байқауын Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті Құрылтайшылар Кеңесінің мүшесі Файзулла Төрежанқажыұлы Жүнісов және ректордың тәрбие ісі жөніндегі проректоры Әлімбаев Медеу мырза мен ректор кеңесшісі Смайлов Айтжан құттықтау сөзбен ашып, ұлттардан құрылған командаларға табыс тілеп, қазылар алқасын әділ болуға шақырды.

Байқауға қатысқан 9 команда бес бағыт бойынша өз өнерлерін көрсетті.

1. **Ұлттық киімдерімен өз ұлтын таныстыру (ұлттық әуенмен сахнада сән көрсету)**
2. **Ұлттық өнері**
  - 2.1 **Ұлттық әні**
  - 2.2 **Ұлттық биі**
3. **Ұлттық дәстүрі (бір дәстүрін көрсету)**
4. **Ұлттық тағамы**
5. **Ұлттық қолөнері**

Сайысқа төмендегі 9 ұлт қатысты:

1. Экономика және бизнес кафедрасы жанынан құрылған «Араб» ұлты
2. Көпсалалы педагогикалық пәндер кафедрасы жанынан құрылған «Орыс» ұлты
3. Биология және химия кафедрасы жанынан құрылған «Өзбек» ұлты
4. Дене шынықтыру және спорт кафедрасы жанынан құрылған «Түрік» ұлты
5. Ақпараттық технологиялар кафедрасы жанынан құрылған «Неміс» ұлты.
6. Тарих және құқықтану кафедрасы жанынан құрылған «Үнді» ұлты
7. Тілдер кафедрасы жанынан құрылған «Қазақ» ұлты.

8. Педагогика және психология кафедрасы жанынан құрылған **«Қырғыз» ұлты.**

9. Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі кафедрасы жанынан құрылған **«Татар» ұлты.**

Дарынды, креативті топтардың өнері мен қиян-кескі сайысын бағалау оңай болған жоқ. Әділ қазылардың шешіміне орай бас жүлдені мың бұралған бишілері бар үнді ұлты алса, бірінші орынды – қазақ ұлты иеленді. Ал екінші орынды ұпай сандары бірдей 3 ұлтқа берілді. Олар неміс, орыс, түрік ұлттары болды. Үшінші орынды – өзбек пен татар ұлты иеленді. Араб ұлты «Өнерлі жастар» номинациясымен, ал қырғыз ұлты - «Көгермен көзайымы» номинациясымен марапатталды. Қатысқан ұлттардың киімдерін дайындауда және бағалы сыйлықтармен қамтамасыз етуде директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары Н.Әбсеметов мырзаға алғысымызды білдіреміз.

**«Ұлт аралық татулық»** байқауын дайындауда «Жаратылыстану» факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты Гульбахрам Бейсенова, және университетіміздің Жас ғылымдар Кеңесінің төрайымы Азиза Исакова мен «Филология және құқық» факультетінің декан орынбасары Айгерім Халықбердиева ханымдар, сондай-ақ тиісті кафедралар басшылары мен оқытушылары аянбай атсалысты.

Назарларыңызға Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы **«Ұлттық бірегейлікті сақтау»** бағдарламасын іске асыру мақсатында 1-мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай студенттер арасында Қазақстандағы халықтардың мәдениетін және салт-дәстүрін көрсетуге арналған **«Ұлт аралық татулық»** байқауынан дайындалған фоторепортажды ұсынамыз.





